

Приозерск қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 24/183 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 шілдеде № 28753 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидасының 50-1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Приозерск қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласының әкімі

С. Сатаев

Приозерск қаласы
әкімдігінің
2022 жылғы 5 шілдедегі
№ 24/183
қаулысына қосымша

Приозерск қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасқан орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (тауарлардың ұ к с а с ассортиментін өткізетін сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру объектілері)

1	Кисунько көшесі, "Юбилейный" дүкеніне қарама-қарсы	" 4300	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін және азық-түлік тауарларын сату	"Юбилейный" дүкені
2	Кисунько көшесі, "Электрон" дүкеніне қарама-қарсы	" 2100	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	Жоқ
3	Дружба Народов көшесі, № 2 үйдің оң жағы	40	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	Жоқ
4	Кисунько көшесі, № 4/2 үйге қарама-қарсы	40	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Весна" дүкені
5	Алаш көшесі, "Березка" дүкеніне қарама-қарсы	" 24	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Березка" дүкені
6	Бауыржан Момышұлы көшесі, № 3 үйге қарама-қарсы	40	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Ақ биік" дүкені
7	Жеңіс бульвары, № 34 үйге қарама-қарсы	40	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Болашақ" дүкені
8	Рақымжан Қошқарбаев көшесі, № 7/1 үйге қарама-қарсы	40	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	Жоқ
9	Ағыбай батыр көшесі, № 4 үйдің сол жағы	40	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	Жоқ
10	Бастау көшесі, "Тюльпан" кафесінің оң жағы	" 1800	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін және азық-түлік тауарларын сату	Жоқ
11	Абай көшесі, "Алғашқы ұшқыштар" ескерткішіне қарама-қарсы	" 300	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін және азық-түлік тауарларын сату	Жоқ
12	Космонавтов көшесі, "Шағала" кафесінің сол жағы	3500	5	А у ы л шаруашылығы өнімдерін және азық-түлік тауарларын сату	Жоқ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК